

Мектептегі мерекелер

№8 (158)
2021

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

Ж. Ақылова. Тілге құрмет – елге құрмет	3
М. Жанкулова. Туған тілім – тірлігімнің айғағы.....	5
Б. Наурызбаева. Ұстазды құрметтейік.....	8
Д. Ерболатова. Тіршіліктің негізі – салауатты болашақ	10
М. Игісінова. Адамгершілік – «айналайын» деген сөзден басталады	12
А. Абуова. Алтын күз	14
И. Бакитова. Гүлдер патшалығы.....	16
А. Төлеуова. «Тапқыр достар» танымдық ойыны	19
Г. Бакирова. Денсаулық – елдің байлығы.....	20
К. Бексұлтанова. Салт-дәстүрді білесің бе?	25
Ұ. Сабирова. Кітап – ғасыр мұрасы.....	27
Г. Жолдыбаева. Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары.....	31
Ж. Бошкулова. Тілашар ертеңгілігі.....	33
Э. Маханбетова. Ізгілік – адамгершілік белгісі.....	36
Н. Жәлелова. Ұлы даланың ұлы күйшісі	38
Ә. Боранқұлова. Екі жұлдыз	40

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, № 10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
10.08. 2021 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
эл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

Тлеубаева Сәния
Өскенбайқызы –
М. Мақатаев атындағы №140
гимназия директоры. Алматы
қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Тілге құрмет – елге құрмет



**Жұлдыз Бақытқызы
АҚЫЛОВА,
№109 жалпы білім
беретін мектебінің
бастауыш сынып
мұғалімі.
Жетісу ауданы,
Алматы қаласы.**

Мақсаты:

1. Оқушыларды өз халқын, тілін, туған жерін сүйе, қадірлеуге, бағалап мақтан етуге тәрбиелеу;

2. Оқушылардың тілін, ой-өрісін дамыту, мәнерлеп оқуға жетілдіру;

3. Туған тілдің қадірін білу, сол жолда аз еңбек, ерлік істелмейтінін ұғындыру.

Көрнекілігі: ҚР рәміздері, тіл туралы нақыл сөздер, суреттер.

«Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады». (А. Байтұрсынов)

«Ақыл көркі – көңіл, тілдің көркі – сөз». (Мақал)

«Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмытпау – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмытпау». (Б. Момышұлы)

Мұғалім сөзі: Құрметті ұстаздар мен оқушылар! Ақын атамыз. Қадыр Мырзалиев жырлағандай:

Ана тілің – арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте, - демекші, бүгінгі «Тілге құрмет – елге құрмет» атты тәрбие сағатын ашық деп жариялаймыз.

(ҚР Әнұраны орындалды)

1-жүргізуші: ҚР «Тіл туралы» заңы 1989 жылы 22 қыркүйекте, Жоғарғы Кеңестің сессиясында қабылданған болатын. Сол заңымызға 17 жыл толып отыр.

1-оқушы:

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың,

Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың.

Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың.

2-оқушы:

Ана тілім – ана сүтім, арым менің,
Сәулетім – сая балғым, сәнім менің.

Аспаным өзінменен арайланып,
Нұрланып атар ылғи таңым менің.

1-жүргізуші: Ана тілі – әр адамның өз ұлтының жан дүниесі мен мәдениетінен ғасырлар бойы жиған рухани азығынан нәр алатын кіндік тамыры. Онсыз адам – мәнгүрт.

1-оқушы:

Жан беремін ақиқат, шындық үшін,
Тіл бере гөр алмастай жарқылдаған.
Туылғам жоқ өмірге құлдық үшін,
Жүрек бергін күрестен тартынбаған.

2-оқушы:

Ана тілі біздің туған анамыз!
Анамыздай сынап, бағып қағамыз.
Ана тілін бағаласақ қалай біз?
Өзіміздің сондай болмақ бағамыз.

3-оқушы:

Ақыл-ойын дананың,

Ана тілден аламын.
Ана тілін, ардақты,
Ақ сүтіндей ананың.
Өсірген ой білімді,
Сүйем туған тілімді.
Мақсат етем әр сөздің,
Мәнін терең беруде.
«Қазақ бии» орындалады.

4-оқушы:

Ана тілім — дана тілім, айбарлым,
Сырың терең, тұнығындай қайнар-
дың.

Ана тілім — қасиетім, қастерім,
Бір өзіңнен бақыт нәрін алғанмын.
Көңілімде күдіктер бар әр қилы,
Жан қарыған аязындай ақпанның.

5-оқушы:

Бір өзінде сан ғасырдың жемісі,
Ана тілім-тірлігімнің айғағы.
Бұл тілімнің кеңейеді өрісі,
Тік тұрғанда Қазақстан байрағы.

6-оқушы: Елбасы Н. Назарбаев-
тың 1998 жылғы 20 қаңтардағы жар-
лығына сәйкес «22 қыркүйек Қазақ-
стан халықтарының тілдері күні» ретін-
де аталып келеді. Тіл — халықпен бірге
өмір сүріп дамиды. Себебі, әр ұлттың
тілі — оның бақыты, тірегі.

7-оқушы: Ел тағдырын шешкен дана
билер, шешендер, тіл құдіретін көп та-
нытып, асыл сөздер мен ұлағатты пі-
кірлерді ғасырдан ғасырға жоғалтпай
жеткізіп халықтың асыл қазынасына
айналдырған.

II. Көрініс: «Менің тілім өлмейді».

*Түрме іші. Қайрат дауыстап өлең
оқып отыр. Тергеуші екі күзетшімен
кірді.*

Тергеуші: Не туралы оқып отырсың?
Бүгін жазаланатын күнің білесің бе?

Қайрат: Білемін. Ана тілі туралы
өлең оқып отырмын.

Тергеуші: Айтар ақтық сөзіңді айтып
қал.

Қайрат:

Мен қазақпын, мың өліп, мың ті-
рілген,

Құшақ жая қарсы алдым сан тілім-
мен.

Жаман үйдің қонағы билейді деп,
Қала жаздап айырылып өз тілімнен.
Өзге тілге еліктеп ел болмайық,
Қазағымның артығы жоқ өзтілім-
нен.

Тергеуші: Әй, оңбаған, шыныңды
айт! (*Қағазды көрсетін*) Орыс тілінде
жаз!

Қайрат:

Мойныма алдым жаланы,
Болсын халық алғысы.
Бөтен қолда кетпесін,
Туған жердің намысы.

Тергеуші: Әкетіндер! Атыңдар!

Жүргізуші: Иә, теңдік, бостандық,
тәуелсіздік оңайлықпен келген жоқ.
Қаншама асылдарымыз құрбан болды.
Солардың бірі — Қайрат Рысқұлбеков
ағамыз еді.

8-оқушы:

Қасиетің ана тілі, аз ба сенің?
Өзің барда ескірмес, тозбас елім.
Сен болмасаң, ұлы Абай ақын бо-
лып,

Мұқағали отты өлең жазбас еді.

9-оқушы:

Ана тілім — ұраным,
Ана тілім — құралым.
Ана тілім — болмаса,
Мықты болмас тұрағым.

10-оқушы:

Ана тілім — елдігім,
Ана тілім — ерлігім.
Ана тілім болмас,
Бүтінделмес келдігім.

11-оқушы:

Әлдилеп көзді ілдірген,
Марқайта мәз ғып күлдірген.
Үйретіп өмір сырларын,
Ананың тілі бүлдірген.
Аяулы тілім ардақтым,
Шырыным, шекер, бал тәттім.

12-оқушы:

Тілі боп қазақ келгенсің,
Дей алмас ешкім сөнгенсің.
Жамиғат жұртың сау болса,
Әлі де талай ерлерсің.
Тура бір жолдан таймаған,
Шешендер өтті сайраған.
Жауына жарқ етіп бұл,
Қаймықпас тілді қайраған.
«Ананың тілі» әні орындалады.

13-оқушы:

Туған тілім — тірлігімнің айғағы,

Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе тілім, мен де бірге өсемін,
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін.

14-оқушы:

Ана тілі — асыл күні бабамның,
Қуатымсың ақ сүтіндей анамның.
Сәби шақтан бесігімде жыр тыңдап,
Туған тілді жаттап өскен баламын.

«Елім менің» әні орындалады.

I. Ойын-сайыс. «Туға кім жетеді?»

II. Мақалдарды жалғастыру.

III. Нақыл сөздердің мәнін ашу.

Жүргізуші:

Әрбір тілде сөйле адамды таң қылып,

Ана тілін білмеу қандай заңдылық!
Өсер балаң, байтақ далаң тұрғанда.

Хормен: Қазақ тілі жасау керек мәңгілік!

VI. Қорытындылау.

Туған тілім — тірлігімнің айғағы



**Молдир Болатбековна
ДЖАНКУЛОВА,
Бикен Римова
атындағы
орта мектеп-
гимназиясының
бастауыш сынып
мұғалімі.
Үштөбе қаласы,
Қаратал ауданы,
Алматы облысы.**

Мақсаты:

1. Мемлекеттік тіл — қазақ тілі туралы ғұлама ойшылдардың пікірлерін

меңгерте отырып, өмірде ана тілінің атқаратын рөлі маңызды екенін үйрету;

2. Оқушылардың мәнерлеп оқу машығын жетілдіре отырып, өз ой-пікірлерін ашық әрі еркін жеткізе білуге баулу;

3. Ана сүтімен енген ана тілінің қадір-қасиетін терең түсінуге және өмірде еркін қолдана алуға тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекіліктер: «Ана тілі», «Тілімде менің байлығы жатыр ғаламның», т.б. ана тіліне арналған

қабырға газеттері, ана тілі туралы айтылған ақыл, нақыл сөздер.

Тәрбие сағатының барысы:

1-жүргізуші: Құрметті қонақтар, ұстаздар, оқушылар! Бүгін сіздерді «Туған тілім — тірлігімнің айғағы» атты әдеби музыкалық кешті көруге шақырамыз.

Тіл қай ұлтта, қай елде болса да, қас-терлі, құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен еніп, қалыптасады. Тіл байлығы — әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол — атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра.

2-жүргізуші: Ана тілінің бүге-шегесіне, терең иірімдеріне бойлай білу, саналы азамат болғысы келетін жас адамның бірінші парызы. Ол — туған жерді, елді, Отанды, атамекенді сүйе білу деген сөз.

1-жүргізуші:

Туған тілім — тірлігімнің айғағы,

Тілім барда айтылар сыр ойдағы.

Өссе тілім, мен де бірге өсемін.

Өшсе тілім, мен де бірге өшемін, - деп Әбділда Тәжібаев атамыз айтқандай, тіл — халықтың басты да қасиетті байлығы болса, байлығымызды келешек ұрпаққа мәңгілікке қалдыру, оның қасиетін білу мақсатында елімізде 1989 жылы 22 қыркүйекте Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» Заң қабылданды.

2-жүргізуші: 1990 жылы 20 қыркүйекте «Қазақ тілі қоғамы» құрылды. Оның мақсаты, қасиетті тілімізді қас-терлеу, дамыту, басқа ұлт өкілдеріне үйрету еді.

Музыкалық үзіліс.

1-жүргізуші:

Таза мінсіз асыл тас,

Су түбінде жатады.

2-жүргізуші:

Таза мінсіз асыл сөз,

Ой түбінде жатады.

1-жүргізуші:

Су түбінде жатқан тас,

Жел толқытса шығады.

2-жүргізуші:

Ой түбінде жатқан сөз,

Шер толқытса шығады, - деп сонау XV ғасырда өмір сүрген ұлы бабамыз Асан қайғы тілдің өмірдегі орны маңызды екенін осылай түсіндіреді. Енді одан бергі зиялы қауымның тіл туралы толғаған ой-толғамдарын, пікірлерін тындап көрсек.

1-оқушы: Ж. Аймауытов: «Ана тілі — жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы жанның барлық толқындарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазына», - деген.

2-оқушы: Ғ. Мүсірепов: «Ана тілі — жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін, қысқасы жанның барлық толқындарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазына», - деген болатын.

3-оқушы: Б. Момышұлы: «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту — бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту».

4-оқушы: А. Жұбанов: «Әр халықтың ана тілі — білімнің кілті. Біздің жастарымыз ана тіліне жетік білімді, мәдениетті болсын».

5-оқушы: Ғ. Мұстафин: «Күн жылытпайтын суық көңілді сөз ғана жылыта алады».

6-оқушы: М. Әуезов: «Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірле-

меген адам толық мәнді интеллигент емес».

«Көңіл толқыны» күйі орындалады.

1-жүргізуші: Жүйелі сөз жүйесін табар,

Жүйесіз сөз иесін табар, - дегендей ұлыларымыздың тіл туралы айтқандарынан кейін Кеңес дәуірі кезінде тіліміздегі алаңдаушылықты ақындарымыз былайша жырлаған екен.

7-оқушы:

Қайран тілім, тұзы сор, азабы нән,
Талай қалған ажал мен әл аузынан.
Әлі күнге мінберге шыға алмастан,
Қипақтайсың қорқақтап лауазымнан.

8-оқушы:

Қайран тілім, жүректі ерітетұғын,
Өн бойында ерекше ерке бітім.
Өз елінде ерекше мәртебе алмай,
Босағада болдың-ау өтетұғын.

9-оқушы:

Қайран тілім, қаз тұрып шоқ басқан тіл,

Мәңгүрттерден таяқ жеп соттасқан тіл.

Мықтылардың меселін қайтара алмай.

Қаулылардың ішінде тот басқан тіл.

2-жүргізуші: Міне, осылайша ақын ағаларымыз қынжыл жырласа, бүгінгі таңда тіліміз мәртебе алып, жетістіктерге жетуде. 22 қыркүйек «Қазақстан Республикасы халықтарының тілі» күні деп жарияланды. Ендігі тілдің жайын тындап көрейік.

10-оқушы:

Қараңғыға, тілім, сәуле шашасың,
Жабықтарды жарқыратып ашасың.
Ұмытқанды еске алып үнемі,

Танытасың өмірдің бар тасасын.

11-оқушы:

Сенсің, тілім, бойдағы күш-қуатым,
Сақтаушыңмын қорғауға бел буатын.

Ата мұра, сенсің берер еншім де,
Ұл-қызыма, немереме туатын.

12-оқушы:

Тілімді аман тар жол, тайғақ кешуден,

Өткізбесем ұл боп тудым несін мен.
Жаным құрбан, тілім, сенің жолыңда,

Судан, әсте, тайынбай шешінген.

1-жүргізуші: Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады, - дегендей шешендік өнерді де тындап көрсек.

Оқушылардың күшімен дайындалған сахналық көріністер:

1. Ақтайлақ пен Қанай шешен.
2. Үш арсыз, үш ғайып, үш жетім.
3. Сырым мен Малайсары.

«Ана тілі» әні хормен орындалады.

2-жүргізуші:

Тілімде менің бабамның батырлығы да,

Махамбет пенен Абайдың ақындығы да.

Дүниеге келе айқайды салған інгөлап,

Тілімде менің сәбидің батылдығы да.

1-жүргізуші:

Тілімде менің сайрайды тынбай бұлбұл да,

Тілімде менің шабады тынбай дүлдүл де.

Биіктік те бар, тереңдік те бар тілімде,
Байтақтық та бар, шалқарлық та бар тілімде.

2-жүргізуші:

Биязылық та бар, ибалық та бар тілімде,

Мәрттімге де бар, пәктігім де бар тілімде.

Тұлпарлық та бар, інкәрлік те бар тілімде,

Шешендік те бар, көсемдік те бар тілімде.

1-жүргізуші:

Найзағайдың жарқылы да бар тілімде,

Қаз біткеннің қаңқылы да бар тілімде.

Аққулардың сұңқылы да бар тілімде,

Қырандардың шаңқылы да бар тілімде.

2-жүргізуші: Қадірлі көрермендер! Бүгінгі кешімізді аяқтай келе, сіздердің көңіл сәулелеріңізге сәл де болса нұр шашқандай болдық. Болашақты жалғастырушы — біздерміз. Сондықтан ана тіліміздің асыл қасиеттерін бойымызға сіңіріп, оның қадірі мен қасиетін терең ұғынып, еліміз бен жеріміздің гүлденуіне мол үлесімізді қоса білейік. Атадан балаға мұра болып келе жатқан ұлттық тіліміздің шұбарлануына жол бермей, таза да мөлдір күйінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыра берейік.

Ұстазды құрметтейік

Сабақтың мақсаты: оқушыларға ұстаз мамандығы туралы түсінік беру. Ұстазды сыйлауға, құрметтеуге, білімді сүйуге тәрбиелеу.

Жүрісі:

I. Ұйымдастыру;

II. Кіріспе;

III. Әдеби-монтаж.

Жүргізуші:

Ұстаздар. Ұлағатты зиялылар,

Сендерде ғалымдардың қиялы бар.

Ағайын тойларыңа тарту етем,

Арқалы ақыныңнан сый алыңдар.

Жүргізуші:

Ұстаздар тыншымайтын еңбеккерлер,

Жемісті жерге екпеген елге еккендер.

Азамат ұрпақтарын тәрбиелеп,

Зердесін болашақтың зерлеткендер.

Жүргізуші:

Жайдары жүздерің барқыт көрік,
Жаныңның бар асылын сарқып беріп.

Жас буын өнегелі шәкірттерді,

Жүрсіндер өз балаңнан артық көріп.

Жүргізуші:

Жақсылық атаулыға жаршы жандар,

Жамандық атаулыға қарсы жандар.

Баланы сусындатып өсіруге,

Білімнің бұлақ көзін аршығандар.

Жүргізуші: Құрметті ұстаздар, сіздерге арналған «Ұстазды құрметтейік» атты ертеңгілігімізді тамашалауға қош келдіңіздер.

Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға, - деп, Абай атамыз айтқан-

дай, бар шәкірттің көңілінен шығып, оларды өзіне баурап, бірден үйіріп әкету оңай емес. Сонда да осы қиындықты жеңіп, еңбегінің арқасында елеулі болған ұстаздар қаншама?

Ұстаз — әке, өйткені, ол шәкірттеріне аямай қамқорлық жасайды.

Ұстаз — ана, ол шәкірттерін туған анасындай баурап, өмір қиындықтары мен қызықтарын сезіндіріп аялаудан, мәпелеуден жалықпайды.

Білімнің кәусар бұлағын,
Жүресің құйып санама.
Біз үшін сенсің мұғалім,
Ұстаз да, ғалым, дана да.
Ұстаздардың ұлағатты сөзінен,
Өмір бойы таусылмас нәр аламыз.
Ұстаздардың мейірімді көзінен,
Бізге деген жылылықты табамыз.
Жүрегімнің түпкірінен ән қылып,
Шырқай оған айттық біздер тілекті.
Ұстаз аты биік, әрі мәңгілік,
Тербетеді сезім менен жүректі.
Мұғалім — ғазиз мұғалім,
Сарқылмас мәңгі бұлағым.
Ұланың мына тойында,
Арнайды саған бұл әнін.

«Ұстазым» әні орындалады.

Жүргізуші: Сіздерді шын жүрегімізбен құттықтай отырып, бізді қызықтыратын мына сұрақтарымызға жауап алсақ па дейміз.

Жүргізуші: Құрметті ұстаз-әже, сіз өз балаңызды және немереңізді оқытып, тәрбиелеп отырған әжесіз. Сіз осы балаңызбен немереңіздің қайсысының сабағына көп көңіл бөлесіз?

Жүргізуші: Ұстаз — әке. Мектептегі бар баланың қылығы, мінезі, ерекше қасиеті сізді ренжітеді, қуантады, шаттандырады. Естен кетпес қызықты әңгімелері де болады. Сіз үйде демалғанда шәкірттеріңіз қай қырынан көз алдыңызға елестейді? Ренжіткен сәті ме, әлде қуантқан кезі ме?

Ұстаз — әже, Ұстаз — әке, сіздерге рахмет айта отырып, мына ән шашуын сіздерге арнаймыз.

«Ұлы той» әні орындалады.

Жүргізуші: Біз сіздермен тағы да пікірлеспекшіміз.

Ұстаз — ана! Сіздің көп жылдық қызметіңізде есіңізде сақталып қалған шәкіртіңіз бар ма?

Болса әңгімелеп берсеңіз.

Жүргізуші: Ұстаз — ана сіз де кішкене шәкірт болып, мектеп табалдырығын аттандыңыздар. Шәкірттік өміріңізден әңгімелеп берсеңіз.

Жүргізуші: Ұстаз — апа, аға. Сіздер ұстаздық қызметті таңдаңыздар. Ұстаздық ең қиын, әрі қызықты маман. Осы мамандықты таңдауыңыз туралы әңгімелеп бересіңдер.

«Мектеп — ана» әні орындалады.

Тойлайды бұл күнді көптен,
Біздің байтақ бақытты ел.
Ұстаздарын шын жүректен,
Құттықтайды шәкірттер.

«Құтты болсын мереке» әні хормен орындалады.

**Балболсын НАУРЫЗБАЕВА,
Сүйіндік орта мектебінің мұғалімі.
Құрманғазы ауданы,
Атырау облысы.**

Тіршіліктің негізі – салауатты болашақ

Мақсаты:

1. Денсаулықтың адамға табиғат берген ең ұлы құндылық екенін оқушыларға түсіндіру, өз денсаулықтарын күтуге, оның адам өмірі үшін маңызын білуге, пайдалы кеңестермен танысуға тәрбиелеу;

2 Оқушының бойында салауатты өмір салтын берік қалыптастыру, жеке тұлғаның санасын дамыту, зиянды әрекеттерден аулақ болуға шақыру;

3. Тазалыққа, тән сұлулығы мен жан сұлулығын қатар сақтауға тәрбиелеу;

4. Спортты сүйеге, спорттың пайдасын білуге, спортпен шұғылдануға тәрбиелеу.

1-жүргізуші: Армысыздар, аман-есен бармысыздар!

2-жүргізуші: Құрметті ұстаздар, ата-аналар және оқушылар!

1-жүргізуші: Бүгінгі біздің «Тіршілік негізі – салауатты болашақ» тақырыбында өткізіліп отырған тәрбие сағатына қош келдіңіздер!

2-жүргізуші: Адамның ең басты құндылығы – денсаулық. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру керек. Денсаулықтың қатаң анықтамасы қандай? Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұжымының ережелерінде «Денсаулық дегеніміз – тән ақауының немесе аурудың болмауы ғана емес, сонымен бірге ол рухани, физикалық, әлеуметтік – саулықтың толық мәнді теңдігі. Денсаулықты сақ-

таудың негізгі тәсілдерінің бірі – салауатты өмір салтын қалыптастыру.

1-жүргізуші: Иә, Елбасының Қазақстан халқына жолдауында көрсетілген өзекті мәселелердің бірі – салауатты өмір сүру, оны насихаттау. Ал, осы салауатты өмір сүру дегеніміз не? (бір оқушы жауап береді.) ол – әлеуметтік тұрмысты жақсарту, бос уақытты тиімді пайдалану, денсаулықты сақтау және нығайту, сапалы тамақтану, зиянды әрекеттерден аулақ болу.

2-жүргізуші: Ендеше, зиянды әрекеттер дегеніміз не? (Бір оқушы жауап береді)

Денсаулық – өмір жалғасының сәулесі. Өз саулығыңа қамқор болсаң, жаныңа үнемі сәттілік серік болады. Әр адам өз денсаулығын сақтауы шарт. Ал, менің сөзіме нанбасаңыз өздеріңіз тындап көріңіздер.

1-жүргізуші:

Уа, халқым, назар аудар денсаулыққа,

Өмірде бақыттысың денің сауда.

«Денсаулық – терең бақыт» деген сөзді,

Құр айтпаған ұлы Абай данамыз да.

Денің сауда күштісің бұл әлемде,

Денің сауда сұлусың жер бетінде.

Сол мықты денсаулықтың арқасында,

Жетерсің әлі талай бақыттарға.

Бұл өмірде не керек?

Дұрыс сөйлеп, дұрыс жүру керек.

Ішімдік ішпей шылым шекпей,
Денемізді шынықтыру керек.
Ерте тұрып, кеш жатып,
Есірткіге еліктемей,
Ерінбей еңбек ету керек.

Бәрінен де салауатты өмір керек, -
демекші салауатты өмірдің негізі дене
кимылы. Ендеше биге кезек берейік. 5
«в» сынып оқушыларының гимнасти-
ка биін тамашалаңыздар!

2-жүргізуші: Бименен сергіп алған
болсақ, тәрбие сағатымызды әрі қарай
жалғасақ.

1-жүргізуші: Салауатты өмір сүрудің
басты шарты — темекі, нашақорлық,
маскүнемдіктен арылу. Маскүнемдік,
темекі, нашақорлық ұлтымыздың ер-
теңіне қауіп төндіруде.

Көрініс: «Шылым шегудің пайдасы»

Автор: Сахнаға бір топ балалар шы-
ғады. Алдарынан темекі шығады.

Балалар: Сен кімсің? Қайдан шық-
тың?

Темекі: Мені танымайсындар ма?
Мен темекімін. Мен күштімін. Менің
пайдам өте көп. Мені тек мықты ба-
лалар ұстайды. Қане, менмен кім дос
болғысы келеді.

Автор: Балалардың қолына бір- бір
темекі ұстатылады.

Балалар: - Дос болайық темекімен,

- Мықты бала боламыз.

- Ең бастысы пайдасы оның өте көп
екен.

Автор: Балалар темекіні айнала қор-
шап қол алысады.

Балалар: Темекі шегіп үйренейік.

Осыны байқап отырған ақ сақалды
қария:

- Уа, балалар, маған құлақ салындар!

Темекі шегудің тек үш пайдасы бар.
Біріншіден, кімде-кім темекі шексе,
ол ешқашан қартаймайды.

Балалар: Неліктен? Неге?

Қария: Себебі, ол қартайып үлгер-
мейді де. Темекі шеккен адам өмірден
тым ерте кетеді. Екіншіден, оның үйі-
не ешқашан ұры түспейді.

Балалар: Неліктен?

Қария: Себебі, кімде-кім темекі
шексе, оның өкпесі таза болмайды.
Түні бойы төсекте төңкеріліп аудары-
лып жатады, және күндіз — түні күр-
кілдеп қатты жөтеледі. Ұрылар үй ие-
сінің көкжөтелін естіп, үйге жақындай
да алмайды. Кімде-кім темекі шексе,
оны ешқашан ит қаппайды.

Балалар: Қалайша оны ит қаппай-
ды?

Қария: Себебі, темекі шегетін кісі
ерте жарымжан болып қалады және
жүргенде таяққа сүйеніп жүреді. Ал,
таяғы бар адамға қарағым, ең қабаған
ит те жоламайды.

Автор: Қарт қулана күледі. (Балалар
темекіге қолын сілтеп кетіп қалады)

2-жүргізуші: Біз, салауаттылықты
сақтаудың бір бөлігін қалдырып кетіп-
піз ғой. Ол — дұрыс тамақтану.

Ас — адамның арқауы,

Аспенен күш артады.

Тағам іш жағымды,

Тазартар жаныңды.

«Денсаулығыңды ақсатқаның —
өзіңді өзің қақсатқаның» - дегендей,
әр адам өз денсаулығын қорғай білу
керек. Денсаулыққа жат қылықтардан
арылу үшін бүкіл елдің, барлық адам-
ның күш біріктіріп, күрескені жөн деп
ойлаймын.

1) Денің сау болсын десең; 2) Ұзақ өмір сүргің келсе; 3) Жана достар тапқың келсе;

4) Көңілің сергек болсын десең; 5) Зиянды әдеттен аулақ болғың келсе; 6) Салауатты ғұмыр кешем десең; 7) Арманыңа жетем десең; 8) Үлгілі болам десең; 9) Таза болам десең; 10) Өнерлі болғың келсе...

Барлығы бірге: Өз еркіңе тоқтау салып, спортпен шұғылдан!

1-жүргізуші: Ендеше, салауатты болашақ болу үшін спортпен шұғылдану керек.

2-жүргізуші: Спортшыларымыздың өнеріне кезек берейік.

Қорытынды.

**Дария Ерболатқызы
ЕРБОЛАТОВА,**

Т. Рысқұлов атындағы жалпы білім беретін №16 орта мектептің педагог-ұйымдастырушысы.

**Рысқұл ауылы,
Талғар ауданы,
Алматы облысы.**

Адамгершілік – «айналайын» деген сөзден басталады



**Майра
Ғабдоллақызы
ИГІСІНОВА,
№3 жалпы орта
білім беретін
мектебінің (оқуы
орыс тілінде) қазақ
тілі мен әдебиеті
пәні мұғалімі.
Орал қаласы.
Батыс Қазақстан
облысы.**

Адамгершілік — «айналайын» деген сөзден басталады, - дейді Ділде апам. Мен бұл мақаламда Тасмағамбет келіні Ділде Матайқызының «Тәрбие туралы толғаныс» атты сырласу кітабы туралы айтқым келеді.

Дұрыс тәрбие — бұл біздің бақытты қарттығымыз, нашар тәрбие — бұл біздің келешек қайғымыз, біздің көз жасымыз, барлық ел алдындағы айыбымыз. Адам тағдырын тәрбие шешеді. Бір қауым елдің ақылшы анасы кешкен ғұмыры, көрген қызығы мен шыжығын, өмірден түйген тәжірибесін жас ұрпаққа, яғни біз сияқты қыз-келіншектерге аманаттаған асыл ой-түйіндері мені қатты толғанды.

Мұғалімдік қызметімдегі ең маңызды сәттердің бірі — тәрбие сағаты. Әрбір тәрбие сағатының негізгі мақсаты — оқушыларды имандылыққа, адамгершілікке, парасаттылыққа, жауапкершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу.

Ал, тәрбиені мойындамау — адамдардың, жанұяның, мемлекеттің және бүкіл әлемнің құруы деген сөз. Ендеше, тәрбие ауадай қажет. Оқушының өзіндік ой-пікірін, азаматтық танымын, түсінігін қалыптастыруда анамыздың осы бір естелік әңгімесін тәрбие сағаттарында, әсіресе, қыз балаларға оқып, бала ұғымын кеңейтіп, еліктіріп отырса нұр үстіне нұр емес пе?

Мысалы: «**Айналайын**, алтын асықтай келіндерім, қонақ келсе шырайлы қарсы алындар. Ол алдымен еріңе, сосын өзіңе сын».

Кей жас келіншектердің «өзіміз құрып отырғанда, құдай-ай, қайдан ғана қаңғып келе қалды» - деп ыдыс-аяғын тарсылдатып, жазықсыз сәбиін жылатып мінез шығаратыны бар.

Жоқ деген жерге қашанда жоқ үйір болады. Келіндерім, қазақ үшін бәрібір қонақтың аты — қонақ. Қонақжайлылық — ұлтымыздың сүтімен еніп сүйегіне сіңген ұлы дәстүрінің бірі, - дейді Ділдә апам.

Халқымызбен бірге ежелден жасып келе жатқан, санасына жазылып қалған тыйым заңдары бар. Ол жасқа да, қартқа да ортақ. Кейінгі жастарға үлгі, тоқу болсын деп, сол тыйым заңдарының бірсыпырасы себеп-салдарымен қоса мысалға келтірілген.

Үйге атпен шаппа — жау таяп қалғанда, не өлімді хабарлағанда ғана болатын жағдай.

Жасы үлкеннің алдын кеспе, сөзін бөлме — бұл құрмет.

Бас киіммен ойнама, біреуге сыйлама — қонған бақтан айырыласың, басың бірікпейді.

Ошаққа су құйма — өз отынды өзін өшірме.

Бос бесікті тербетпе — ұрпақсыз қаласың.

Жылқының құйрық, жалын күземе — тұл қалғанның белгісі.

Малды басқа ұрма, теппе — ырысыңнан айырыласың.

Кешқұрым ұйықтама — жын-пері көшетін кез.

Айға қолыңды шошайтпа — қасиетті.

Жерге түкірме — Жер-Ана, анасының бетіне ешкім түкірмейді.

Нанды баспа — киесі ұрады.

Түнде суға барма — су перісі қағуы ықтимал.

Екі бүйірінді таянба — қайғы, қасірет белгісі.

Бөгде адамнан қайда барасың? — деп сұрама — көргенсіздік.

Сорпа, шайды үрлеп ішпе — дегбірсіздік.

Жай отырып үгілеме — уайым, қайғы шақыру.

Қолыңды төбеңе қойма — дүниеден безіну.

Табаныңды тартпа — бейнет шақыру.

Таңдайыңды тақылдатпа — жаман ырым.

Өтірік жылама — құдай шын жылатайын десе қиын емес.

Жерді таянба — торығу.

Босағаны керме — жазаланудың белгісі.

Табалдырықта тұрма — суыт хабар жеткізгеннің белгісі, төр киелі, табалдырық ұнамсыздау орын.

Кісіге қарап есінеме — әдепсіздік.

Кісінің басынан кертұқыл алма — басынан тоқпақ кетпейді.

Күйеу бала қайын жұртына барғанда бас ұстамаған, дастарханға бата бермеген, сүйекке түспеген.

Келін атасымен, қайнағаларымен қол алысып амандаспаған — әдепсіздік саналған.

Әр тыйым заңының астарында халқымыздың өмірлік пәлсапасы жатқан жоқ па?...

Айналайын, тән сұлулығы мен жан сұлулығын айыра білесің бе? Атақты ақынымыз Мұхтар Шаханов:

Мағынасыз жылтырақты сақтамайды ел еске,

Жалын болып жылу болмау,

Әйел болып сұлу болмау,

Табиғатты алдаумен тең емес пе?

Гүлзар әйел қауымына сұлулықсыз бақ қайда,

Шын сұлулық тереңдікте жатпай ма? — деп жырлайды.

Кеңес идеологиясымен сусындаған біздер «Тәні саудың — жаны сау» деп тақ-тұқ түсінікті ұзақ жылдар бойы ұрандай жаттап өстік. Ал, «Құран-кәрімде» «Иә, Алла, тәні саудың жанын да сау ете гөр» деп тілек етеді. Демек, тәні саудың яғни қол-аяғы балғадай,

екі беті алмадайдың бәрінің бірдей жаны сау емес екен.

Тән сұлулығы — сыртқы көз арбар көрініс.

Жан сұлулығы — бұл әйелдің ішкі дүниесі, сезім-шынайылығы, мінез-байлығы, пейілі-кеңдігі, ар алдында адалдығы.

Тән сұлулығы — теңіз бетіндегі көпіршігі мол толқын.

Жан сұлулығы — бұл тереңдегі ағын. Екеуі екі басқа дүние.

Осы екі қасиет бір адамның басында ұштасса, ғұмыр бойы айналасын нұрға бөлеп өтер еді.

Қыздарым, сіңлілерім, жаның да, тәнің де сұлу болғай, - дейді Ділдә апамыз.

«Тәрбие туралы толғаныс» атты кітабында анамыздың айтар сыры, шертер жыры мол.

«Бірлесіп пішкен тон келте болмас» дегендей, ұстаздар қауымы осындай **нақты өмірлік дәлел мысалдарымен** үлгі - өнеге көрсете білген, айта білген аға - апаларымыздың еңбектерін тәрбие сағаттарында пайдаланып отырса деген ойдамын.

Алтын күз

Топтың іші күз мерекесіне арналып безендірілген. Қызыл, сары, күлгін жапырақтар көздің жауын алардай жерге төселінген. Күзгі ағаштар көрінісі жасалынып, күн шуағы жымың қағып, нағыз күз бағы етіп жасалына-

ды. Залдың іші суретші күздің нағыз өзі.

Әуен ырғағымен балалар залға билеп кіреді.

Жүргізуші: Армысыздар, ардақты қонақтар! «Алтын күз» мерекесін біз-

бен бірге өткізуге қош келіпсіздер.

Бүгін мейрам, бүгін той,
Қуаныш күн, біліп қой!
Күзгі бақтай сыңғырлап,
Алақанды соғып қой!

«Күзгі вальс» биленеді.

(Осы кезде мерекелік көңіл күймен залға Күз ханшайымы кіріп келеді, күзгі базарлық жемістер мен көкөністерімен)

Күз: Амансыңдар ма, балғындар!

Күзгі бақтағы қонақтар.

Өздеріңе әкелдім,

Күздің сыйын көз тартар.

Балалар: Көп рахмет сізге.

Жүргізуші: Өрік, шие, алма, алша,
Жидек, жүзім піседі.

Қауын, қарбыз, қияр, сәбіз,

Қоймаларға түседі.

Айтыңдаршы, балалар,

Бұл қай кезде болады?

Балалар: Күзде.

Жүргізуші: Дұрыс, балалар. Алтын күз! Сізде толып жатқан сырлар көп, сондықтан бізге арналған сыйыңыз бар шығар?

Күз: Менің күзгі жеміс-жидектерім де өздерін таныстыруға асығуда.

(Жемістердің макетін киген балалар ортаға шығады)

Алма: Дәмі аузыңнан кетпейді,

Қызыл алма шырын, бал.

Көктей тісің өтпейді,

Піскен кезде үзіп ал.

Шие: Мен маржандай шиемін,

Күн сәулесін сүйемін.

Жемістерім піскенде,

Жерге басымды иемін.

Асқабақ: Қауыннан да басқарак,

Қарбыздан да басқарак,

Семіріпті бақшада,

Қандай болып асқабақ.

«Балақан» әні орындалады.

Жүргізуші: Балалар, тезірек қолшатырларыңды алыңдар, күзгі жаңбыр басталды, енді нөсерлетіп жауын жауатын болды.

Жауын жауса қуанып,

Көмекке келер қолшатыр.

Қолшатырды алайық,

Шырқап биге салайық.

«Қолшатырлар» бii биленеді.

Жүргізуші: Күз ханшайымы, бүлдіршіндеріміздің сізге тартар сыйлары көп!

1-оқушы: Жерге нөсер төгемін,

Өссін гүлдер көп егін.

Гүл-гүл жайнап өсер көк.

Нөсерлетсең, нөсерлет.

2-оқушы: Қамба толды астыққа,

Алғыс саған, алтын күз!

Бір уыс дән шаштық та,

Қап, кап қауын алдық біз.

3-оқушы: Жау, жау, жаңбыр,

Жау жаңбыр!

Арық суы мол болсын!

Өсімдіктер көп болсын!

Жауған жерің шөп болсын!

4-оқушы: Алтын, сары, қызыл, көк,

Алуан, алуан жапырақ.

Күзгі бақта күлімдеп,

Көз тартады жыпырлап.

«Достық» әні орындалады.

«Қара жорға» бii биленеді.

Айнұр Дауленқызы

АБУОВА,

«Еңбекші орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен»

мемлекеттік мекемесінің тәрбиешісі,

Жаркент қаласы,

Панфилов ауданы,

Алматы облысы.

Гүлдер патшалығы



Индира Ерниязқызы БАКИТОВА,
М. Жүнісов атындағы жалпы орта білім беретін мектептің информатика пәні мұғалімі.
Жаңақазан ауылы,
Жаңақала ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: адам өміріндегі құндылықтарға назар аударта отырып, қыз баланы гүлге теңеу арқылы оқушылардың білімін толықтыру, әдемілікке, жан-жақты болуға баулу;

Дамытушылық: сабақта алған білімдері мен тәжірибелерін өздерінің шеберлігі мен сөз өнерімен ұштастыра отырып дамыту;

Тәрбиелік: эстетикалық, патриоттық тәрбие бере отырып, өмірге деген өзіндік көзқарастарын, белсенділігін қалыптастырып, іскерлік нарық заманына сәйкес жеке тұлға тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: сайыс-сабақ, ойын.

Сабақтың көрнекіліктері: гүл шоқтары, паннолар, гүлді палакаттар, суреттер, қанатты сөздер, интерактивті тақта, слайд.

Жоспары:

I. Топты таныстыру (гүл аты, ұраны, төстанба);

II. Гүлдер көрмесі «Өнер — саусақтың гүлі»;

III. «Қағаз гүлдер солмайды»;

IV. «Артық болмас білгенің»;

V. Ойын;

VI. Қорытынды.

Өту барысы:

- Құрметті оқушылар, гүлдер патшалығына қош келдіңіздер! «Біздің гүлдер ешқашанда солмайды» деген ұранмен өткізіліп отырған «Гүлдер патшалығы» кешінің оқушылары ортамызда:

I топ — «Қызғалдақ» тобы;

II топ — «Бәйшешек» тобы;

III топ — «Раушан» тобы.

(Кеш жоспарымен таныстырылып, әр сатының ерекшелігі аталып өтеді)

Жақсы істі әрқашанда саралаған,

Әділдік туын төрге қадап алған.

Осындай жарыстарға төре болып,

Қашан да әділқазы бағалаған, - дей келе, әділқазы мүшелерімен таныстырып өту.

(Бағалау 10 ұпайлық жүйемен жүргізіледі)

Ой шақыру кезеңі. (Оқушылар «Гүлдер» жайлы ойларын айтады)

I саты. «Топты таныстыру».

Ережесі: топ гүл атауымен аталуы қажет, топ ұраны, төстанбасы осы

атауға сәйкес болғаны жөн.

II саты. «Гүлдер көрмесі».

Ережесі: алдын ала дайындалған шағын көрме. Топтың әр мүшесі гүлдерді пайдалана отырып жасаған әртүрлі бұйымдарын қысқаша таныстырып өту.

III саты. «Қағаз гүлдер солмайды»

IV саты. «Артық болмас білгенің»

Ережесі: әр топ үй тапсырмасы бойынша әзірлеп әкелген гүлдер туралы мәліметтерін көрсетеді (альбом, буклет, өлең т.б)

Мысалы, қызғалдақ. Бұл гүл алғашында жабық күйінде өсіп тұрған, оның ішінде бақыт жасырынып жатыр деп болжаған. Бірақ, оны ешкім аша алмаған. Бір күні кішкене сәби осы гүлді көріп сықылықтап күліп, жүгіріп гүлді жұлып алып қарап тұрса, гүл өзі жайлап қана ашылыпты.



Ережесі: берілген уақыт ішінде қағаздан гүлдер бейнесін жасау (жапсырма-лау, оригами)

Аттары мәлім емес баршамызға,

Қасиет болу керек барша адамда

Көрсетсін өнерлерін аруларым,

Ән салып, би де билеп ортамызда





Міне, сәбидің шат күлкісі осылайша әдемі қызғалдақты дүниеге келтіріпті.

Пион. Пион роза гүліне ұқсайды.

Өте ертеде Флора құдайы ұзақ жолға шықпақ болып орнына орынбасар қалдырмақ болады. Ол орынға розаны ұсынады. Барлық гүлдер келіскенмен, бір ғана пион бұл орынға өзін лайық санайды. Оған ренжіген Флора құдайы оны ірі әрі үрілген, яғни розаға қарағанда ұсқынсыз етіп қалдырды.

Лилия гүлі аудармасында аппақ-аппақ деген сөзден шыққан. Оның пайда болуы аңызда Аналар құдайы Юнона баласын тамақтандырмақ болып шөп түбінде отырған ұлы Геркулеске еңкейген кезде баласы оны итеріп салады, сол кезде ана омырауы-

нан тамған сүттен аппақ гүлдер пайда болады. Қазір лилия гүлінің бірнеше түсті түрлері бар.

V саты. Ойын.

1-түрі. Берілген қашықтықты гүлге байланысты қойылған қыздар есімін атай отырып жүріп өту.

2-түрі. Берілген қашықтықты гүл атауларын айтып жүріп өту.

VI. Қорытынды. Марапаттау.

Гүл өсірсең терлеп — мұның аты еңбек,

Кесте тіксең зерлеп — мұның аты еңбек.

Сабағыңа жөндеп, әзірленсең еңбек,

Қиындықтың бәрін еңбек қана жеңбек, - дей отырып, кешімізді аяқтаймыз.

«Тапқыр достар» танымдық ойыны

Мақсаты: оқушылардың ойлау, сөйлеу қабілетін арттыру, шешендік өнерге қызығушылығын дамыта отырып, ой-өрісінің артуына ықпал ету, теориялық білім негіздерін қалыптастыру.

Көрнекілігі: жазбаша конверттер, суреттер.

Жүрісі:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Оқушыларды 2 топқа бөлу.

Сайыстың кезеңдері:

1. «Таныстыру». Топтың аты және өздерін таныстыруы.

2. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деп аталады.

Шарты: Әр топқа әріп беріледі. Топ мүшелері сұрақтарға сол әріптен басталатын сөзбен жауап қайтарады. Әріптер:

I топқа – А, Ш, Қ Толық жауап – 10 ұпай

II топқа – Е, С, Н Толық емес – 5 ұпай

Сұрақтар:

I топқа:

1. Қар қашан жауды?
2. Қыстың соңғы айы?
3. Қар жана ма?
4. Қоян неліктен қыста ақ болады?
5. Ет жемесең, түсіңе кіре ме?
6. Тауық таң атпай шақырады. Неге?
7. Бүгін кімнің туған күні?
8. Сағызды мысық кімге берді?
9. Қағазға қарамай баяндауға бола ма?

10. Түркістан қай мемлекетте орналасқан?

11. Бәйтеректің басына қандай құс ұя салады?

12. Қазақ ертегілері қалай басталады?

13. Көп ойнаған жылайтыны несі?

14. Сөйлем мүшелерінің таласы неліктен?

15. Қарға неге жем жерде қаңқылдайды?

16. Туымыздың түсі неге көк?

17. Әнші болғың келе ме?

18. Иық селкілдесе не болғаны?

19. «Дарын» деген сөзде неше дыбыс бар?

20. «Шық бермес Шығайбайсың» ғой?

II топқа:

1. Жаздың келетіні неден белгілі?
2. Ақтауға дейін неше шақырымды жүріп өтесің?
3. «Қызыл кітапқа» дала тышқандарын жатқызу оңай ма?
4. Бүгінгі сайысқа дайындығың қандай?
5. Алдар Көсені үйге кіргізесің бе?
6. Әзілдесе несі бар?
7. «Шырағым, шығып кет» деген сөйлем жай сөйлем бе?
8. Барар жеріне қалай жетесің?
9. Қоян қорқақ, кім батыр?
10. Атам мен әжем әңгімешіл ме, ертегішіл ме?
11. Нағыз қазақ қазақ емес,.....
12. Сот жүйесінде әділдік бар деп ойлайсың ба?

13. Қорадағы тауықты кім әкетті?

14. Түнгі 12-де кім екен есік қаққан?

15. «Жарайсындар, азаматтар» деп кімге айтсам екен?

16. Тонды неге отқа тастайды?

17. Сыбырлағанды құдай ести ме?

18. Жарасымды жұп деп кімді айтамыз?

19. Көрмес кімді көрмейді?

20. Оқи берсең, кім боласың?

3-кезең. «Сен білесің бе?»

Шарты: - Конверттегі сұраққа жауап беру. Әр жауапқа 1 минут беріледі.

Оңай сұрақтар — 5 ұпай:

1. Абай Лермонтовтан неше шығарма аударған? (27)

2. Копенгаген — қай мемлекеттің астанасы? (Дания)

3. «Батпан» қандай ұғым? (Салмақ — $10 \text{ пұт} \times 16 \text{ кг} = 160 \text{ кг}$)

4. Қай жылы Есімхан хан болып, Қазақ ордасын басқарды? (1598-1643 ж.ж.)

Орташа сұрақтар — 10 ұпай:

1. Абылай ханның жасырын есімі (Сабалақ)

2. М. Әуезовтың өмір сүрген жылдары (1897-1961 ж.ж.)

Қиын сұрақтар — 15 ұпай:

1. 1835 жылы кім дүниеге келді? (Шоқан)

2. «Социалистік Еңбек Ері» атағына ие болған жазушы? (Ғабит Мүсірепов)

Тосын сұрақ.

Шешендік сөз әңгімелеп бер.

4-кезең. «Ойлан, тап!»

Шарты: Қағазға жазылған жасырын сөзді қимылмен көрсету.

I топқа: - Арыстан

Шаң. Пошта таратушы. Мотоцикл

II топқа: - Кенгуру

Бу. Диктор. Поезд

5-кезең. «Өнерпаз болсаң...»

Шарты: - Тірек сөз беріледі, сол сөзден басталатын, немесе ішінде сол сөз бар ән айту.

I топқа: 1. Дариға....

2. Қайда жүрсем.....

3. Құста болғым....

4. Асау өмір.....

II топқа: 1. Сонда сен мені.....

2. Сағындым.....

3. Жазира жасыл....

4. Енді қару....

6-кезең. «Шешен адам сөз бастар» (3 мин. дайындық)

Шарты: - 2 топқа жасырын 1 тақырып беріледі.

Сол тақырып бойынша сөйлеу, ойын жеткізу, мәтін құрау, ауызша айту

I топ: «Ғылым таппай мақтанба» Абай Құнанбаев.

II топ: «Әркімнің туған тілі — туған шеше» С. Мұқанов.

III. Сайысты қорытындылау. Топтарды марапаттау.

Анар ТӨЛЕУОВА,

Жалау Мыңбаев орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.

Түпқараған ауданы,

Маңғыстау облысы.

Денсаулық - елдің байлығы

Сабақтың мақсаты: балалардың, адамдардың қазіргі ауыр экологиялық жағдайда денсаулығын сақтап қана қоймай, санасы мен рухын жетілдіру үлкенді кішіні сыйлауға, ізеттілікке, инабаттылыққа, шын пейілімен қарияларға сәлемдесуге, кемтар адамдарға қамқор болуға тәрбиелеу.

Дамытушылық мақсаты: топ алдында еркін сөйлеуге, дауыс ырғағын дұрыс сақтауға, шешендікке тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: буклет, плакаттар, мақал-мәтелдер, денсаулық туралы кітапшалар.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар!

Мемлекет басшының жарлығымен дамыған елу елдің қатарына ену мақсатында оқушыларды, салауатты өмір салты бағытымен жас ұрпақты тәрбиелеуге оқушыларымыздың дайындаған «Денсаулық — елдің байлығы» деген сынып сағатын бастаймыз.

Баяндама «Тазалық — денсаулық кепілі!»

Адамның денсаулығы, еңбекке қабілетті болуы көбінесе үйдің таза болуына байланысты.

Гигиенаның міндеттері — ағзаның қалыпты дамуы, адамның дене және рухани күштерінің толық ашылуы, адамдардың жоғары өнімді еңбегі мен жақсы тұрмыс жағдайларын қамтамасыз ету.

Денсаулық — адамның дене және

рухани қасиеттеріннің жиынтығы, бұл қасиеттер адамның ұзақ өмір сүруімен қоғам игілігі үшін еңбек етуіне әсер етеді.

Ауырмаудың ең оңай жолы — аурудың алдын алу. Денсаулықты күту. Ол үшін тағамдарды дұрыс пайдалану, таза жүру, денені шынықтыру, таза ауада серуендеу қажет. Міне, мұның бәрі денсаулыққа пайдалы. Құрметті ағайын, денсаулықты қадағалау сіз бен біздің қолымызда. Індетке қарсы бірлесе күресейік!

2. Сауықтыру.

1-оқушы: Сауықтыру сөзінің түбірін табайық. Сау. Бұл ұғым нені білдіреді?

2-оқушы: Адамның дені сау ауырмайды деген сөз.

1-оқушы: Ал енді мына мысалдарға көңіл аударайық:

Астында шетелдік машина, бірақ қатты ауырады? Ол адам бақытты ма?

2-оқушы: Жоқ.

1-оқушы: Миллион доллар ақшасы бар, бірақ ауырады. Ол адам бақытты ма?

2-оқушы: Жоқ.

1-оқушы: Себебі не?

2-оқушы: Себебі, оның денсаулығы жоқ.

1-оқушы: 3 үйі бар. Бірақ ауырады — ол адам ше?

2-оқушы: Жоқ.

1-оқушы: Сонда дүниедегі ең басты бақыт не екен?

2-оқушы: Денсаулық.

3. Қандай мақал білеміз?

1. Адам ішіп-жеу үшін ғана өмір сүрмейді.

2. Қуатымды сақтаймын десең — қарныңа ие бол.

3. Ішімдік адамды есірік қылады, ас-тағам қарын тойдырады.

4. Тірі адам ауырмай тұрмайды. Ауырғанның бәрі өле бермейді.

5. Тоя жеген тамақта у бар.

1-оқушы:

Суық судың несі айып?

Шынығайық халайық.

Кеңестері айтылған,

Денсаулыққа лайық.

2-оқушы:

Бұрын біздер ауырсақ,

Дәрігер қарар жанын сап.

Дәріханаға барамыз,

Дәрі сатып аламыз.

3-оқушы:

Тойып ішсең қаншама,

Ауырасың соншама.

Асқазанды бүлдірсең,

Жазылмас қанша күн жүрсең.

4-оқушы:

Ал, халайық, халайық,

Табиғатқа қарайық.

Жер, су, ауа тазарса,

Пайдалы екен бұл аса,

4. Көрініс. «Жалқаудың арманы»

1-оқушы:

Анау бала қолын қара,

Кір қожалақ қап-қара.

Тырнақ өскен, шашы көптен,

Алынбапты-ау, масқара.

Кітап сия, беті сия,

Салақ екен оңбаған.

Мұндай бала

Тазалықты білмеген.

Жалқаудың сөзі:

Мұғалім сабақ сұрамаса,

Үйде інім жыламаса,

Сиыр суды іше салса,

Тамақ алға пісіп келе салса,

Отынды апам жара салса,

Нанға көкем бара салса!

Сонда қамсыз жатар едім,

Тәтті ұйқыға батар едім.

Жалқау ұйқыға кетіп армандайды.

Соңында бәрін түсініп жақсы оқушы болады.

5. «Тазалық — саулықтың негізі»

1. Жылы мезгілде таза суға көбірек шомыл.

2. Ала көлеңкеде, ымыртта кітап оқуға болмайды, көзге зиян келтіреді.

3. Тамақты асығып ішуге болмайды. Асығып ішкен тамақ ас болмайды.

4. Әр жексенбіде сағат 12-ден бастап табиғатта дем ал. Бұл сенің тәніңнің мейрамы. Осыдан кейін өзіңе ұнаған тағамыңды жей аласың.

6. Жарнама: «Дәрумендердің (витаминдердің) пайдасы»

1. Сәбіз құрамында А витамині көп. Көздің жақсы көруі, сүйектер мен теріні жақсартарды;

2. Лимон, апельсин С витаминіне бай. Суықтап қалғаннан сақтайды.

3. Жұмыртқада Д витамині бар. Қанды жақсы жүргізеді.

7. «Ән шашу»

8. «Аурулардан сақтану жолдары»

Бүгін бізге қонаққа келген дәрігерлер аурулардан сақтану жолдарын таныстырады.

(Дәрігер киімдерін киген қыздар шығып, салынған суреттер қаттамаларды пайдалана отырып түсіндіреді).

1. «Сары ауру»;

2. «Өкпе ауруы»;



3. «Йод жетіспеушілігі»;

4. «Құтыру» ауруы;

5. «Тұмау» ауруы.

9. Көрініс. «Тістің зардабы».

(Тіс дәрігеріне тісі ауырған бала жылап кіреді. Тіс дәрігері көріп, баланың емдеп, қалай күту керектігі туралы кеңес береді)

10. «Өсімдіктер сыр шертеді».

Туған еліміздің дәрілік өсімдіктері мен экологиясы.

1-оқушы: (Жолжелкеннің суретін ұстап). Мен жолжелкенмін, көп жылдық өсімдікпін. Жол жиегінде өсемін. Емдік мақсатқа жапырағымды, тамырымды қолданады.

2-оқушы: (Қолына ошаған суретін ұстап тұрып). Мен ошағанмын, Бойым 1 метр. Бұтақтарым көп. Мені арам шөп дейді: Менің сөлім өкпе демікпесін емдейді.

3-оқушы: (Қолында жантақтың суреті бар), Мен жантақпын. Құмда өсемін мамыр, тамыз айларында гүлдеймін. Менің тұмбам жөтелді басады. Басқа ауруларды да жазамын.

4-оқушы: (Қолында адыраспаны бар). Адыраспанның емдік қасиеті. Адыраспан — Орта Азия мен Қазақстанда өседі. Адыраспан шөбінен жасалынған дәріні ішумен бірге қайнатындысын ваннаға құйып булауға болады. Бұл шөптің қышыма, қотыр, теміреткінің барлық түріне емдік қасиеті зор.

11. «Жаттығу — жанның тынысы».
Ойын.

1-оқушы:

Мына мен тұра сала төсектен,
Жаттығамын, спортшы деп есепте.

Хормен:

Бір-екі-үш!

Бір-екі-үш!

Бұлшық етте, міне күш!

2-оқушы:

Терезенді аш, жасағанда жаттығу,
Қажет емес, қажет емес аптығу.

Хормен:

Бір-екі-үш!

Бір-екі-үш!

Бұлшық етте, міне күш!

3-оқушы:

Ептімін де елгезекпін кептерше,
Шалқайамын жерге желкем жеткенше.

Хормен:

Бір-екі-үш!

Бір-екі-үш!

Бұлшық етте, міне күш!

4-оқушы:

Денем қызып, маңдайдан тер будақтап,

Аунақшым, дөңгелеймін тұмақта.

Хормен:

Бір-екі-үш!

Бір-екі-үш!

Бұлшық етте, міне күш!

12. «Тілін білсең, тамақ та шипа».
(Суреттерді пайдалану)

1-оқушы: (Қойдың суреті бар). Қойдың сүті жылу мен әл-ауқатты арттырады, денедегі желді басады.

2-оқушы: (Қолында сиырдың суреті бар). Сиыр сүтінің несеп ауруларына пайдасы мол. Ойды ұшқырлайды.

3-оқушы: (Қолында жылқының суреті бар). Жылқы сүті ірінді тоқтатады, бүйрек пен белді желден тазартады.

4-оқушы: (Қолында балықтың суреті бар). Балық еті — асқазан, жүрек ауруларына пайдалы, ірінді тияды, көзге де ем.

5-оқушы: (Қолында тауықтың суреті

бар). Тауықтың еті — жарақаттарға ем болады.

«Сауысқан әні» орындалады.

13. «Шипагер атай». Көрініс.

(Орман іші суреттер. Шипагер атай, қасында көмекшісі).

Көмекші (медбике):

Атай, қараңыз мына бір сұмдықты,
Маймаққа не болған, кім оны қын-
жылтты?

Шипагер: Маймағым, не болды, жа-
сымай айтшы өзің, неліктен көкпең-
бек ісінген бас-көзің?

(Аюдың басын таңып, дәрі жаққан болды).

Аю: *(уілдеп, жыламсырайды)*

Айтайын жасырмай шынымды,
Сақтаңыз шыбындай жанымды.
Жармасып бал тасыр машина-қа-
даққа,
Домалап түстім де, тап болдым азап-
қа.

Шипагер:

Бір сәтке қарының толатын күн
үшін,

Жол жүру ереже тәртібін бұзыпсың.

Аю: Шипагер ата, енді қайтып ұр-
лық та жасамаспын, жолда жүру ере-
жесін де бұзбаспын.

*(Түлкі мен қоян дауласып, Қоян құла-
ғын Түлкі шойнаңдай ақсап келе жата-
ды)*

Түлкі: Жүгіріп екеуміз ойнадық
қуыспақ.

Қоян: Ауладан шап бөріп алмақшы
қу ұстап.

Түлкі: Ал қоян көшеге зып беріп жө-
нелді.

Қоян: Аула тар болған соң қайтейін
мен енді?

Түлкі:

Қоянды қуам деп тапқаным,
Құйрықты әрең дөп сақтадым.

Қоян:

Машина астынан жүгіріп өткенде,
Құлақты бір темір зақымдап кетке-
ні.

Шипагер:

Құлақ пен құйрықты жазатын дәрі
бар,

Ереже бұзғанға қоятын екілік тағы
бар.

Шипагер: *(Басын шайқап)* Мына-
ларды мен тез ауруханаға жеткізейін.

14. «Байқап жүр»

Түйдек-түйдек лекпен,

Машиналар ағады.

Бағдаршам ретпен,

Күні түні жанады.

Көшені кесіп өтерде,

Айдалаға қарама.

Жүрме текке есінеп,

Өтер жермен тек қана

Көшені сен кесіп өт!

«Үнді биі» орындалады.

Бүгінгі күн — мереке,

Мереке әрі береке.

Шыныққандар бізбенен

Арамызда ер екен.

15. Кештің соңы.

Бастаушы: «Денсаулық — елдің бай-
лығы» деген сынып сағаты аяқталды.
Сіздерге денсаулық, бақыт, табыс ті-
лейміз.

Гүлнар БАКИРОВА,

Алпамыс батыр атындағы

№40 көпсалалы гимназия

мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

Шымкент қаласы.

Салт-дәстүрді білесің бе?

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушылар бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру, ұлтымыздың дәстүрлерінен үлгі алу;

2. Оқушыларды ұлтжанды, ұлттық салт-дәстүр үлгісінде тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі:

1. Нақыл сөздер, мақалдар жазылған плакаттар;

2. Қазақтың ұлттық қолөнерлері;

3. Тұрмысқа қажетті заттар;

4. Буклеттер, альбомдар, сөзжұмбақтар, ребустар салынған суреттер көрмесі.

Сабақтың барасы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

а) Қонақтар шақыру;

ә) Сыныпты даярлау, безендіру;

б) «Тойбастар» күйін ойнату.

II. Сабақты ашу.

1. Кіріспе бөлім.

Мұғалім: Құрметті қонақтар, оқушылар! Бүгінгі тәрбие сағатының негізгі мақсаты өз халқымыздың салт-дәстүрлері, асыл қазыналары, асыл мұралары жайлы оқушыларымызға таныстырып, салт-дәстүрді бойларына сіңіру. Бала тәрбиесіне, жалпы тәрбиеге терең мән беріп, оның қағидалары мен ережелерін жасағандардың бірі — өзіміздің қазақ халқы. Тәрбие тәсілдері мен тәжірибелері өте көп. Халқымыздың ғасырлар бойы жазған зор еңбектері — салт-дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері соның айғағы. Міне, бүгінгі өнеге сабағы-

мызда сіздер осы айтылғандардың куәсі боласыздар.

1-жүргізуші:

Туылған соң адам боп,

Білімсізден жаман жоқ.

Ел дәстүрін білмесең,

Жұрт айтады надан деп.

Ата-бабам ардақты,

Жамандыққа бармапты.

Ардай тұтып үлкенді,

Ата жолын жалғапты.

2-жүргізуші: Қазақ халқының салт-дәстүрлері бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер, тұрмыс салт-дәстүрлер, әлеуметтік салт-дәстүр болып үшке бөлінеді. Бала тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптарға баланың дүниеге келген күнінен бастап жүргізілетін тәлім-тәрбиелік дәстүрлер (шілдехана, сүйінші, шашу, т.с.с.) дәстүрлер. Міне сол туралы оқушыларымыз сіздерге қысқаша баяндап береді.

1-оқушы: Шілдехана — жаңа туған нәресте құрметіне жасалған ойынсауық той. Шілдеханаға шақырумен де, шақырусыз да бара береді. Өмірге адам келгеннің, оған қуанудың белгісі.

2-оқушы: Сүйінші — қуанышты хабар жеткізуші Сүйінші! Сүйінші! деп келеді. Мұндайда қуанышты үй иесі қалағаныңды ал дейді. Бұл шын қуанудың, ризашылықтың белгісі. Сүйінші сұрау, оны алудың ешқандай ерсілігі жоқ.

3-оқушы: Шашу — қуаныш айғағы ретінде жасалынатын салтанатты дәс-

түр. Кәмпиттер, құрттар, теңгелер шашылады.

4-оқушы: Бесікке салу — халқымыз үшін елеулі дәстүр. Бесік — қасиетті, киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі. Бесікке салу жолы елдегі үлкен тәрбиелі, өнегелі әжелерге тапсырылады. Бесікті отпен аластап, тыштырма жасап алып баланы бесікке бөлейді. Бесік үстіне жеті түрлі қадірлі зат қойылады. Бесікке салған адамға сыйлық береді.

5-оқушы: Қырқынан шығару — баланың туғанына қырық күн толған соң оны ыдысқа қырық бір қасық су құйып шомылдырады. Бұл рәсми дәстүр.

6-оқушы: Тұсау кесер — «Тұсауыңды кесейін — күрмеуіңді шешейін» деп сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген ниетпен жасалатын ғұрып, ырым. Ол үшін арнайы ала жіп даярлайды. Бұл ала жіп аттамасын деген ұғымнан шыққан. Баланың аяғын тұсап, аяғын жылдам басатын адамға қидырады. Тұсауы кесілген баланы қолынан ұстап жүгіртеді, шашу шашады. Кәдесін береді.

7-оқушы: Кекіл — «Қарағым айналайын кекілдім-ай, Көгілдір аққудың секілдім-ай» деп жас баланың шашын тегіс ұстарамен алып тастайды да маңдайына бір шөкім шаш қалдырады. Кекіл балаларға жарасымды ажар береді.

8-оқушы: Сүндеттеу — алты-жеті жасқа толған еркек баланы сүндетке отырғызады. Сүндеттеу денсаулыққа, тазалыққа аса пайдалы. Баланы сүндеттеу үлкен рәсім. Ол әр ата-ананың борышы. Үлкен той жасалады.

9-оқушы: Бата — ақ тілеудің белгісі. Ол кез келген жерде айтыла бермейтін қасиетті рухани ұғым. Батаның бірнеше түрі бар — ер азаматтарға берілетін бата, дастарханға берілетін бата, біреудің қайырымдылығы мен жақсылығы, ізгі қызметі үшін берілетін бата, теріс бата — қарғыстың қатты, жазаның өте ауыр түрі. «Батамен ел көгерер, жаңбырмен жер көгерер» деп халық бекер айтпаған.

10-оқушы: Байғазы — балалардың жаңа киімдері, заты үшін берілетін ақшалай, заттай сыйлық. Байғазы сұраудың еш артықтығы жоқ.

11-оқушы: Базарлық — алыс сапарға, саяхатқа шыққан адамдар көршілеріне, туыстарына, достарына ірілі-ұсақты сыйлықтар әкелу.

12-оқушы: Жеті ата — «Жеті атасын білген ұл — жеті жұрттың қамын жер» демекші әр адам өз жеті атасын білген жөн. Ол — көргенділік, білімділік, ата көргендігін білдіреді. Жеті атаны үйрету — әр ата-ананың басты борышы.

«Қазақтың дәстүрлері ай!» әні орындалады.

1-жүргізуші: Міне, осындай көптеген салт-дәстүрлеріміз бар, біз соның аз ғана бөлігін сіздерге атап айтып шықтық.

2-жүргізуші: Енді сіздер «Тұсау кесу» рәсімінен көрініс көріңіздер.

13-оқушы: Ата-бабаларымыз бұл дәстүрге аса көңіл бөлген, себебі баланың болашақтағы жолы, аяқ алысы жақсы, нық болуы осы тұсау кесуге байланысты екен.

14-оқушы: Баланың тұсауын малдың тоқ ішегімен де кесу — елдің тоқ

болуы және баланың келешекте бай болуын қалаған деген ұғым бар.

15-оқушы: Ала жіппен тұсау кесу жайында айтылып кетті, сол сияқты баланың келешекте ешкімнің ала жібін аттамай, адал адам болып өссін деген ниетпен кеседі.

«Тұсау кесу» әні орындалады.

16-оқушы:

Жолың болсын деселік,

Жолыңа нұр төсейік.

Жарылқасын алдыңнан,

Тұсауынды кесейік!

Тұсауынды кесейік!

Күрмеуінді шешейік.

Әже:

Қаз, қаз балам, қаз балам,

Қадам бассан мәз болам.

Тағы, тағы баса ғой,

Тақымынды аша ғой.

Қаз баса ғой қарағым,

Құтты болсын қадамың!

Баланың тұсауы ала жіппен кесіледі. Шашу шашылады, ән айтылады. Жолжоралғы беріледі. Баланың қолынан жетелеп жүгіртеді. Тойға арналған ән-күй шашулары орындалады.

Күләш

БЕКСҰЛТАНОВА,

К. Әзірбаев атындағы

№15 орта мектептің мұғалімі.

Алматы облысы.

Кітап – ғасыр мұрасы

Мақсаты: кітаптың адам өміріндегі орны туралы түсіндіру. Кітапқа деген оқушылардың қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілетін, ой-өрісін дамыту. Оқулықтарын, кітапты құрметтеуге, ұқыптылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, жаңа оқырмандар тарту.

Түрі: ойын-саяхат.

Көрнекілігі: балалар әдебиетінен «Сиқырлы ғажайып әлем» кітап көрмесі, ертегілер әлеміне саяхат, слайд, шарлар, гүлдер.

Барысы.

Кітапханашы: Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сиқырлы ғажайыптар әлеміне қош келдіңдер! Бүгін біздер үшін

ерекше күн, себебі сендер ертегілер әлеміне саяхат жасап, жаңа достар табасындар, ал кітапханаға жазылмаған балалар оқырман болып қабылданысындар.

Білесің бе кітап – білім ұясын?

Келесің мұнда, өмірге азық жиясың.

Оқып, біліп, зерттеп көріп санаңа

Терең білім, ой маржанын құясың.

Кітапхана – сол кітаптар тұрағы,

Көп үйреніп, көп оқыған баланың,

Анық тағы білімпаз боп шығары, - деп өлең жолдарында айтылғандай кітаптың адамзат өмірінде орны ерекше зор. Себебі кітап оқу арқылы адамның ой-өрісі, дүниетанымы, көзқарасы қалыптасады. Сондықтан да кітапты

халқымыз асыл мұра, қазына деп санайды.

- Балалар! Сендер кітаптың пайда болу тарихы туралы білгілерің келе ме? Ендеше мені тыңдай қойыңдар.

Кітап арабтың «жазу» деген сөзінен шыққан. Алғашқы кітаптар осыдан бірнеше жылдар бұрын пайда болған. Ол біздің қолымыздағы кітапқа еш ұқсамайды. Ең алғашқы кітаптар жұмсақ балшықтан жасалған. Жұмсақ балшыққа үшкір нәрсемен жазу жазып, оны кептіріп, күйдірген. Ол кәдімгі кірпіш тас сияқты болған. Сондай-ақ бамбук өсімдігінен таяқшалар әзірлеп соған да жазған. Ал ежелгі Египетте кітапты тасқа қашап жазған. Кейін жануарлардың терісінен пергамент

деп аталатын материал жасалып, кітап соған жазылған. Еуропада кітап шығарудың негізгі материалы қағаз XIII ғасырда пайда болды. Ал қазақ кітап баспасы Ресейге қосылған соң қалыптасты. Тұңғыш қазақ кітаптары 1800 жылы шығарыла бастаған. Кітаптар түрлі мазмұнда, әртүрлі көлемде болады.

«Кітап – ғасыр мұрасы» тақырыбында бейнеролик көрсетіледі.

- Балалар бүгін біз сіздермен әртүрлі ойындар арқылы ертегілер кейіпкерлерін табамыз, сонымен қатар кітапты күтіп ұстау ережесімен танысамыз. Ендеше мен ертегілерден үзінді оқимын, ал сендер қандай ертегі және кейіпкері кім екенін табасыңдар.





1) «Үшінші рет тор салғанда, түсті, әйтеуір, бір балық. Балыққа тіл бітіп: «Жібер мені, қарт, еңбегінді жемеймін, қалауыңды айт», - деді. («Алтын балық»)

2) «Әжей қойма қырнаған, екі уыс ұн жинаған, балқаймаққа шылаған, пісіріп маймен сылаған». («Бауырсақ»)

3) «Барлық балықты, түсіріпті бір-бірлеп, түсіріп бәрін болған соң, түсіп қапты бүлкілдеп, Суатқа барып құйрықты, кешке қарай малып қой, таң атарда тартасың, балыққа жарып қайтасың». («Түлкі мен қасқыр»)

4) «Көкек-көкек! Қайырымды көкек! Балапандарымды жылан жейін деп жатыр, маған көмек бере гөр!» -

дейді жан ұшыра. («Қарлығаш»)

5) «Жаксылыққа дұшпанмын, Жамандыққа құштармын. Тісімді жұлып, лақтырып, Сыпырғышқа мініп ұшқанмын.

Жас емеспін, кәрімін, Ертегінің сәнімін» («Мыстан кемпір»)

6) Тау көтеріп ел үшін, Жаңбыр әкеп, Отанын қуантқан. Ол кім? («Толағай»)

7) Кіп-кішкентай ғана бойы бар, Қысылғанда сөз тапқан. Қырық өтірік пе, керегі?

Жаңылмай айтып береді. («Тазша бала»)

8) Кедергі еткен масаға, Адамдармен дос болып,

Тек жақсылық жасаған

Айыр еткен құйрығын,

Зұлым жылан тасада

Білесің бе қандай құс? («Қарлы-
ғыш»)

9) Ұшып келіп батпаққа түсті,

Батпақта оны ұстап алды.

Кім жасыл қабыршақты шешіп,

Бір сәтте сұлу ханшайымға айнал-
ды? («Патшайым бақа»)

- Жарайсыңдар, балалар! Ертегі ке-
йіпкерлерін сендер жақсы біледі екен-
сіндер.

«Кітап — біздің досымыз» тақыры-
бында әдеби монтаж. Кітап, кітапха-
на, оқу-білім туралы тақпақтар, дана-
лық сөздер оқылады.

Енді кітапты пайдалану ережелері
жайлы біліп алайық:

1) Кітапты ұқыпты, таза ұстау ке-
рек. Себебі сендерден кейін оны көп-
теген балалар оқитынын естен шығар-
ма!

2) Кітапты тамақ ішіп отырып
оқыма, кітап оқуды үлкен ой еңбегі-
мен оқу керек;

3) Кітапты жыртуға, сызуға, бүк-
теуге болмайды, кітап баулығын пай-
далан;

4) Оқуға алған кітабыңды уақы-
тында кітапханаға тапсыруды ұмытпа!

5) Кітапханада шулауға болмайды,
өйткені басқаларға кедергі келтіресің.

Ойын «Иә немесе жоқ». Егер келіс-
сендер «иә» деп, келіспесендер «жоқ»
деп жауап бересіндер. Сұрақ: кітап
нені сүйеді? Кітап баулығы, қарды не
жаңбырды, майлы қолды, ұқыпты ұс-
тағанды, лақтырғанды, жерде шашы-

лып жатқанды, тазалықты, кітап сө-
ресінде тұрғанды, оқығанды, білімпаз
оқушыларды.

Келесі ойын «**Жалғастыр**» деп ата-
лады.

Кітап — алтын ... (казына)

Кітап — ғалым, тілсіз ... (мұғалім).

Кітап көзі жұмыққа ... (арзан),

Көзі ашыққа ... (маржан)

1) **Кітап** — оқығандікі, білім ... (то-
қығандікі)

2) Күш — білімде, білім — ... (**кітап**-
та)

3) Наданмен дос болғанша,
... (кітаппен) дос бол.

4) Жақсы кітап — ... (жан азығы)

5) Кітапты сүйіп оқы,
... (Көңілге түйіп оқы).

- Жарайсыңдар, балалар!

Ғасырлардан ғасырларға,

Бірге жасап, асып алға.

Сарқылмаған, тартылмаған,

Ұлы мұра, асыл арна.

Кітап сенде ақын жыры,

Ойшылдардың асыл сыры.

Кітап сенде қаттаулы тұр,

Адамзаттың шаттық-мұңы.

Сондықтан да сен асылсың,

Мәңгі жаса кітап мұра! - деген өлең
жолдарымен бүгінгі шарамызды аяқ-
таймын. Белсенділікпен қатысқанда-
рың үшін алғыс білдіремін. келесі кез-
дескенше.

Ұ. САБИРОВА,

«Орал қалалық кітапханалар
жүйесі»

№15 филиал меңгерушісі.

Орал қаласы.



Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары

Дөңгелек үстел мақсаты: Жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттері, құқықбұзушылық пен қылмыс белгілері, түрлерін еске түсіру, оқушылардың құқықбұзушылығының алдын алу жұмыстарын үйлестіру тәсілдерін талдау, тиімді жолдарын анықтау.

Нәтижесі:

1. Жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттері жайлы баптарды, құқық бұзушылық, қылмыс белгілері және түрлерін біледі;

2. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын бірге талдайды, оны тәжірибесінде қолданады;

3. Оқушылардың құқықтық тәрбиесін арттыруға ықпал етеді.

Құқықбұзушылықтың түрлері, оларды қарастыратын құжаттар, бала құқықтары, құқық бұзушылықтың шығу себептері, оның алдын алу жұмыстарын үйлестіру тәсілдері, құжаттардың мазмұнын, түрлерін түсінеді, әдістемелік көмек алады

Қатысушылар: Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, мектеп инспектрлары, сынып жетекшілер.

Қажетті құралдар: үлестірме материалдар, А3 форматты қағаздары, стикерлер.

Дереккөздер: презентация «Құқық бұзушылық түрлері».

Сілтеме: ҚР Конституциясы кітап-

шасы, «ҚР кәмелетке толмаған арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалауының алдын алу туралы» Заңы (09.07.2004 ж. №591), Бала құқықтары туралы Конвенция, Бала құқығын қорғау туралы тұжырымдама, халыққа құқықтық көмек «Бала құқығы» жадынамасы.

Барысы:

І. Психологиялық тренинг:

Қатысушылар түгел шеңберге тұрып:

Күш деген — Мен!

Шыдам деген — Мен!

Кешірім деген — Мен!

Білім деген — Мен!

Адалдық деген — Мен!

Ғажайып деген — Мен!

Хормен:

- Бәрі маған байланысты, бәрі менің қолымда! — деп шеңбердің бойымен бір-бірімен амандасады.

Кіріспе. Құқықбұзушылық дегеніміз не? Адам құқықтары қандай? Қандай нормативтік құжаттарға негізделеді?

Осы сұрақтар төңірегінде оқушылармен сұхбат жүргізу.

Мектеп директорының орынбасары оқушылардың тәртібіне аса мән беруі қажет. Оның қызметтік әрекетіне жататындары:

1. Жасөспірімдер арасындағы құ-

қықбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру;

2. Құқықбұзушылық орын алған жағдайдағы жұмыстың алгоритмін жасау;

3. Мектеп инспекторымен бірлескен жұмыс ұйымдастыруы қажет.

II. Практикалық жұмыс:

(Қатысушылар өз жұмыстарын қорғайды)

1. Құқықбұзушылықтың орын алу себептері;

2. Құқықбұзушылық жағдайынан кейінгі жұмыстанудың жолдары;

3. Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмысы бойынша біріккен жоспар құру;

4. Құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты жобалар, әдістемелік іс-шаралар.

III. Кері байланыс: «ҚР кәмелетке толмаған арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалауының алдын алу туралы» заңынан сұрақтар қою (09.07.2004 жыл, №591).

Оқушылар «ҚР кәмелетке толмаған арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалауының алдын алу туралы» заңынан сұрақтарға жауап береді.

- Құрметті оқушылар, құқықбұзушылық әр түрлі себептермен орын алуы мүмкін, бірақ біз заң алдында

өз әрекеттеріміз үшін жауап беретінімізді ұмытпайық және заңды білмеу — азаматтарды жауапкершіліктен босатпайтынын ұмытпаңыздар. Ол үшін ең алдымен құқық сабақтарында ҚР Конституциясын жіті меңгеріп алыңдар, себебі еліміздің ата заңы — ол Конституция. Отбасында болсын, мектепте, аулада, көшеде жүрсеңіздер де құқықбұзушылыққа жол бермеу керек. Өзгенің құқықбұзушылығына үстіртін қарамау керек. Ондай әрекеттерге жол берсек, еліміз алдыңғы қатарлы, дамыған мемлекеттер қатарына қосылуы қиындай түседі. Сол себепті өз-өзімізді заң алдында жауапкершілікті сезінетін адам ретінде ұстауымыз шарт.

Қатысушылармен пікір алмасу.

Әр түрлі жағдаяттарды қарастыру. Оқушылар пікірін біліп, мәселенің дұрыс-бұрыстығын анықтау.

Қорытынды. Қатысушылармен қоштасу, ең белсенді оқушыларды марапаттау.

**Гүлжанат Фазылбековна
ЖОЛДЫБАЕВА,
Тасөткел орта мектебі
директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
Тасөткел ауылы,
Хромтау ауданы,
Ақтөбе облысы.**

Тілашар ертеңгілігі

Кіріспе сөз: Дүниеде баладан артық қуаныш жоқ. Оның сөйлеген сөзі, алғашқы қадамы, есейгені ата-ана үшін қуаныш. Олай болса, кішкене уақытты артқа жіберіп, балаларыңыздың, немерелеріңіздің бала бақшадағы немесе үйдегі жас шамасымен айтқан сөздерін, істеген қылықтарын еске түсірейікші. Міне, сол балаларыңыз бүгін мектептің шәкірті атанды. Күні кеше ғана 5 жасқа жетіп, алғаш мектеп табалдырығын аттап отыр. Міне, аз ғана уақыт ішінде балаларыңыздың үйренгендерін тамашалайсыздар.

Хормен ҚР Әнұраны орындалады.

1-оқушы: Ардақты аталар мен әкелер!

2-оқушы: Құрметті ұстаздар мен аналар!

Екеуі қосылып: Баршамызға мереке құтты болсын. Бүгінгі «Тілашар» мерекесіне қош келдіңіздер!

Әдеби монтаж.

3-оқушы:

Отан — менің ата-анам,
Отан — досым, бауырым.
Отан — өлкем астанам,
Отан — туған ауылым.

4-оқушы:

Анамыздай тілеуі-ақ,
Отан біздің біреу-ақ!

Бәрі:

Ол — біздің Қазақстан!
Кенге толы қойнауы,

Төлге толы жайлауы.

Бәрі: Ол — біздің Қазақстан!

Балаларға сұрақ:

- Біз қай елде тұрамыз?
- Елбасымыз кім?
- Қазақстанның рәміздерін ата-йықшы.

5-оқушы:

Рәміздерім — елдігімнің белгісі,
Білу керек бала-дағы ең кіші.
Рәміздерім — Әнұран, Ту, Елтаңба,
Рәміздерді жатқа білген жөн кісі.

6-оқушы:

Көк аспандай көкпенбек,
Қазақстан жалауы.
Көк емес ол тектен-тек,
Елдің ашық қабағы.

7-оқушы:

Мағыналы, сымбатты,
Бар осындай белгіміз.
Маған, саған қымбатты,
Елтаңбасы ол елімнің.

8-оқушы:

Қолыма гүл аламын,
Дайын дәптер, қаламым.
Мен мектепке барамын,
Қуанышым менің мол.
Мектебіме тарттым жол,

9-оқушы:

Кешегі сәби балаңыз,
Жарады міне, қараңыз.
Ғылым, білім жолына,
Енді қайық саламыз.

10-оқушы:

Анау бала, қай бала,
Шәкіртіне сай бала.
Дайындықтың түлегі,
Емес сірә, жай бала.

11-оқушы:

Асқар таудай аталар,
Салиқалы аналар.
Ұрпағың бұл тағы бір,
Бүгін шәкірт аталар.

«Мен мектепке барамын» әні орындалады.

12-оқушы:

Мектеп, үйім алыста,
Асығамын жетуге.
Киімім де тап-таза,
Құлағым да, бетім де.

13-оқушы:

Жүзімізге қараңыз,
Бал күлкілі баламыз.
Бізге қымбат күншуақ,
Бізге қымбат анамыз.

14-оқушы:

Әзір титтей бойымыз,
Әзір балаң ойымыз.
Тек білеміз ойын,
5-ке толған батырмыз.
Дегенмен де күн санап,
Өсіп келе жатырмыз.

Мұғалім: Балалар, біздер «Сауат ашу» сабағын өткенде нелермен танысамыз?

Оқушылар: Әріп жұмбақтар жасыру!

1. Айырда бар үш тармақ,
Пішенші ұстар қос қолдап. (Ш)
2. Білезікке қарайық,
Ұқсайды оған қай әріп? (С)
3. Доғаға бір қарайық,
Ұқсайды оған қай әріп? (Л)

Буындарды оқыту: Ша, аш, шаш,
ас, а – са.

Хор: «Сурет сабағы».

Математика патшалығынан келген сандар (көрініс)

1-ханша: Шіркін, мына әсем сарайда менің достарым көп болса ғой. Олармен би билеп, ән салып, есеп шығарып ойнар едім.

1-саны келеді: Бұл әсем сарайда кім тұрады екен?

Ханша: Мен тұрамын, сен кімсің?

1-саны: Мені білгің келсе...

Мен – таяқша бірмін.

Барлық санға жол бастап

Ең басында тұрмын.

1-саны: 1 – дегенім білім,

Білім – жарың, күнің.

2 саны келеді: Тук, тук, бұл сарайда кім тұрады екен?

Ханша: Мен тұрамын, сен кімсің?

2 саны: 1-ден кейін тұрағым,

1-ден кейін тұрамын.

1-ді 1-ге қосқанда,

Мен шығамын, шырағым.

Мен – 2 деген санмын.

Ханша: Менің тапсырмамды орында. Менің жұмбағымды шешіп бер.

Басында 2 таяғы бар,

Төрт аяғы бар

Иегінде сақалы бар.

2 саны: Таптым, таптым! Ол – ешкі.

3 саны келеді: Бұл әсем сарайда кім тұрады екен?

Ханша: Мен тұрамын, сен кімсің?

3 саны: Өзін таныстырады.

Ханша: Өз өнерінді көрсет.

3 саны: Жұмбақ жасырады.

Шешуін балалар табады.

Оқушы санамақ айтады.

Мектебің мынау класың,

Осында он бір жыл тұрасың.

Тарыдай болып кіресің,

Таудай болып шығасың.

Оқушы:

Сәлем, саған мектебім,

Алғыстарым көп менің.

Оқу білім тәрбие,

Ой санама еккенің.

Әдептілік туралы айту.

Көрініс: «Сәлемдесу түрлері».

Бала:

Көшелерден біз өткен ата көрсем,
жақын кеп.

Сәлем берем сол тұста, «Ассалаума-
ғалейкум» деп.

Ата: Амансың ба балам, көп жаса.

Бала:

Алдан әже жолықса, бөгелем де әде-
йілеп,

Сәлем берем ізетпен: «Есенсіз бе,
әжей», - деп.

Әже: «Амансың ба, айналайын көп
жаса, өркенің өссін».

Дастархан үстіндегі әдептілік.

Әдептілік туралы мақал-мәтелдер:

Бала:

Аға әдепті болса — іні әдепті,

Апа әдепті болса — сіңлі әдепті.

Бала:

Ана алдында — құрмет,

Ата алдында — қызмет.

Көрініс: «Жалқаубек»

Жалқаубекке арналған тақпақтар.
Жаңылтпаштар айтқызу.

Бала:

Ұшқыш жақсы ма?

Үш құс жақсы ма?

Ұшқыш та жақсы,

Үш құс та жақсы.

Бала:

Бір ақ шымшық,

Үш ақ шымшық,

Төрт ақ шымшық.

Ертегілер еліне саяхат жасаймыз.

Қуыршақ театры

Не дәмді? (Ертегі қойылымы)

«Қошақан» әні орындалады.

Орыс тілі мен ағылшын тілінен үй-
ренген тақпақ өлеңдерін айтады.

Ертегіден көрініс: Тығулы котлет.

1. Қуыршақтар әні;

2. Ел қорғауға әзірміз;

3. Кір басқан қуыршақ.

Ойын: тілек айту (өздері орындары-
нан тұрып ойларын айтады)

Бала:

Әр адамға тым ыстық,

Арта берсін туыстық,

Құра берсін салтанат,

Бейбітшілік, тыныштық!

Хор: Біз бақытты балдырған.

Мұғалім:

Әлпештеп бізді оятып,

Әр күні көкке күн шықсын.

Күрсінбесін аналар,

Күлімдесін балалар!

Қорытындылау.

Жазира БОШКУЛОВА,

«Zerdesh» Зияткерлік мектебінің

бастауыш сынып мұғалімі.

Алматы қаласы.

Ізгілік – адамгершілік белгісі

Мақсаты:

1. Оқушыларға ізгілік, адамгершілік деген сөздің мағынасын ұғындыру, шәкірт

бойына ізгі қасиеттерді сіңіру;

2. Әдептілік, сыпайылық, ізеттілік адами қасиеттерге тәрбиелеу;

3. Оқушылардың тіл байлығын, сөздік қорын молайту, сөйлеу мәнерін қалыптастыру.

Барысы. Оқушыларды 3 топқа бөліп отырғызу.

«Ізгілік – адамгершілік белгісі» тақырыбын оқушыларға түсіндіру.

Оқушы: Құрметті қонақтар мен достар, біз бүгін ізгілік тақырыбын талқыға салып, оған ұмтылу үшін қандай әрекеттер жасау керектігін үйренеміз.

Мұғалім: Иә, ізгілік – сонау ұлы ойшыл бабамыз Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектеріне арқау болған мәселе. Ол күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ. Қазіргі заман дамыған кезде осы ізгілікті болу бізге қаншалықты маңызды – соны бір сәтке ойланып көрейікші.

Оқушылардың пікірін тыңдау.

Ой қортынды жасау

2. Ой қозғау «Нені үйренеміз?»

Балалар анадан, әкеден нені үйренетіндерін топ бойынша айтады.

А	→	парасаттылықты
Н		сұлулықты
А		мейірімділікті
Д		ісмерлікті
А		қайырымдылықты
Н		

Ә	→	адамгершілікті
К		іскерлікті
Е		ерлікті
Д		имандылықты
Е		еңбекті
Н		

Осы тақырыпқа байланысты «Әдепті сөз» әңгімесі оқылады.

Үш топқа тақырып бойынша сұрақтар беріледі.

1-топ:

«Кішіден ізет, үлкеннен парасат» дегенді қалай түсінесің?

2-топ:

Әділет ағасын неге тағатсыздана күтті?

«Сіз» деп сөйлеу керек

Кішіге қамқор болу

Әдепті болу керек



Үлкенді сыйлау керек

Кешірімді болу керек

3-топ:

Ағасынан қандай ізетті сөздер үйренді деп ойлайсыңдар?

3. Сергіту сәті

Кешірімді боламыз,
Жұлдыздай болып жанамыз.
Кішіпейіл боламыз,
Құстай қанат қағамыз.

4. «Әдептілік» жайлы мақал-мәтелдермен жұмыс.

Балалар мақал-мәтелдің жалғасын табады.

1-топ:

Әдепті бала — арлы бала,

2-топ:

Әдептілік белгісі —

3-топ:

Үлкенге құрмет,

5. Ойын-жаттығу. «Сыпайы сөзді қайда, қалай қолданамын?»

Мысалы: «Рұқсат етіңіз» деген сөз бойынша берілетін жауапты айту.

Мысалы: Бөлмеден сыртқа шығу керек болса, «Сыртқа шығып келуге рұқсат па?» Бөлмеден ішке кіру керек болса, «Кіруге рұқсат па?» деп қолданамын деп, топ бойынша сұрақтар беріліп, ойын жалғаса береді.

6. — Кімдердің айтқан ақылдарын тыңдаймыз?

Әкенің

Атаның

Ағаның

Тыңдаймыз біз
әрдайым

Ананың

Әженің

Әпкенің

7. Ой талқы. Болашақта әдепті болып қалу үшін қандай зиянды әрекеттерден сақтануымыз керек деп ойлайсыңдар?

8. Сабақты қорыту.

Қайырымды жүрекпен,
Мейірімді тілекпен.
Ізгілікті ниетпен,
Қамқор болып өсемін!

- Біз бүгінгі сабақтан «Ізгілік — адамгершілік белгісі» екенін ұқтық деп ойлаймын. Ізгіліктің ішінде барлық жақсы қасиеттерді бойымызға сіңіре білудіміз керек. Ұстаздан, анадан, әкеден алған ізгілік қасиеттерді үнемі есте сақтайық.

Эльмира МАХАНБЕТОВА,
№180 «Қызылмақташы» орта
мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.

Қыраш ауылы,
Жанакорған ауданы,
Қызылорда облысы.

Ұлы баланың ұлы күйшісі

Күй өнері — қазақ халқының ең құнды, бағалы мұраларының бірі. Қаны мен жанында күй ойнаған ұлтымыз тума таланттарға кемде емес. Сондай дарын иелерінің бірі — қазақ өнерінде өзінің өшпес ізін қалдырған күйші, композитор Дина Нұрпейісова.

Дина Нұрпейісова — қазақ музыка мәдениетінің аса көрнекті қайраткерлерінің бірі. Оның есімі Қазақстанның түкпір-түкпіріне тіптен Одақ көлеміне де кеңінен мәлім. Халық Динаны ел арасына да кең тараған дәулескер күйші әрі тамаша домбырашы ретінде біледі. Ұлы Құрманғазының қадірлі шәкірті, лайықты мұрагері халықтың аспаптық шығармашылығын тамаша дәстүрін табыс еткен ғажайып дарын иесі.

Ломоносов атындағы қалалық орталық кітапханада 2021 жылдың 5 шілде күні Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Күй анасы — Дина» тақырыбында библиофейшен өткізілді. Бұл шараға кітапхана оқырмандары Маденов Асылжан, Абильдаев Диястың орындауындағы қа-

зақ ұлтына дарыған бірегей өнердің аспанына шарықтап, мәңгіге қадірі тарамайтын туындыларын туған елге тарту еткен Дина Нұрпейісованың күйлері әлеуметтік желіге ұсынылды.

Дина — қазақ халқының тарихынан орнын ойып тұрып алған жан. Ерен еңбегі, қазақ музыкасына қосқан үлесі әрқашан халқының жадында. Дина қазақ музыкасымен, қазақтың күмбірі бөлек күйлерімен мәңгі жасай бермек. Қазақ дейтін алып халық барда күйшінің аты ешқашан өлмейді. Өнерлінің туған күні болғанмен, өлген күні болмайтыны әмбеге аян. Талай тектіні, небір күйшілерді тудырған қазақ даласы әлі талай

мықтыларды тудырамы анық... Оған болашақ тарих куә болмақ...

Аты аңызға айналған біртуар анамыздың мұрасын қастерлеп, есімін аялай білейік!

**Назерке Абатқызы
ЖӘЛЕЛОВА,
М. Ломоносов атындағы қалалық
орталық кітапхананың
библиографы.
Ақтөбе қаласы.**



Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының сценарийлері
журналы

Құрметті оқырман қауым!

Қолдарыңызға тиіп отырған журнал мектеп, мектепке дейінгі, арнайы, жоғары оқу орындары мұғалімдері мен оқытушыларына, жалпы оқырмандарға арналған. Журналға «Казпочта», «Ернұрпресс», «Евразия Пресс», «Эврика-пресс» арқылы жазылған тиімді.

Жазылу ай сайын жүргізіледі.

Мекен-жайымыз: 050036, Алматы қаласы, Мамыр-2, 13-7.

Индекс 75489

*Қиын
алыңыз да,
жазылыңыз!*

		Басылым индексі																											
		АБОНЕМЕНТ																											
«Мектептегі мерекелер тәрбие жұмыстарының сценарийлері»		75489																											
		Комплекті саны																											
2021 жылға, айлары																													
<table><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>кайда</td><td colspan="3"></td><td colspan="9"></td></tr></table>																	кайда												
кайда																													
		(почта индексі)		(мекен-жайы)																									
кімге		(аты, жөні)																											
		ПВ		орны																									
				Тасымалдау карточкасы																									
				75489																									
				Басылым индексі																									
Бағасы	Жазылу мекен- жайын өзгерту	...тенге ...тенге	...тиын ...тиын	комплекті саны																									
2021 жылға, айлары																													
<table><tr><td>1</td><td>2</td><td>3</td><td>4</td><td>5</td><td>6</td><td>7</td><td>8</td><td>9</td><td>10</td><td>11</td><td>12</td></tr><tr><td>кайда</td><td colspan="3"></td><td colspan="8"></td></tr></table>						1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	кайда											
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12																		
кайда																													
кайда				(почта индексі)		(мекен-жайы)																							
кімге				(аты, жөні)																									

Екі жұлдыз

Жамбыл облысының Меркі ауданындағы «Таңшолпан» бөбекжай бала-бақшасында «Мың бала» республикалық мәдени ағартушылық жобасын іске асыру аясында тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің «Екі жұлдыз» ән байқауында жұптасып өнер көрсетуі болып өтті.

Өнер бәйгесінің әр алуан іс-шаралары өткізілетін акт залы тақырыпқа сай безендірілген. Екіден жұптасқан жұлдыздардың түр-түрі ілініп, ортаға үлкен екі жұлдыз макеті жасалыпты. Фанфар ойналып, ортаға жүргізуші шығып, байқаудың мақсатын түсіндірді. Қырандай қалықтап, әсем әнмен шарықтап, өлкемізді аралап, өнерліні жағалап, алыстан ат арылтқан «Екі жұлдыз» микрофоны бізге де келіп жетті дей келіп, бүгінгі байқаудың қазылар алқасы мен таныстырып өтті. Ән әлеміндегі жұлдыздардың орны ерекше бөлек. Олардың да көбі, өз бақтарын балабақша сахнасынан бастап, сынап көргендері анық. Аспан әлеміндегі өнерлі жұлдыздардың жарқырай көрінуі — бағының жанып, бабының келіскені деп ұғамыз. «Жұлдызың жансын!» деген тілек те бекер емес. «Екі жұлдыз, екі бақыт көктегі» деп айтылған әуезді әнмен ортаға бүгінгі байқауға қатысушы өнерлі тәрбиешілер мен әр топтан тәрбиеленушілер шақырылды. Олар, ортадағы үлкен жұлдыз макетінің ішінен шығып жатты. Өнер десе ішкен асын жерге қоятын, өнерпаз жұптарды, көрермендер қол соға қарсы алып отырды. Тәрбиеші Төреханова Табиғат пен Манат Бағалым бірдей шығыс костюмін киіп, мың бұрала шығыс биін билеп берді. Келесі кезекте, жұптасқан аққудай Мыңжасар Сандуғаш пен Дарханқызы Кәусар «Ана мен бала» әнін орындаса, осындай байқауларда алдына жан салмай жүрген Баймырзаева Разиля мен Бүркітбай Малика жаңа идея, жаңа фантазияларын көрсетіп, бұл жолы екеуі

бірдей клоун киініп, «Сайқымазақтар биін» билеп берді. Тәрбиеші Исраилова Гүлжамал және тәрбиеленуші Серік Адия «Ұстазым менің, ұстазым» әнін әдемі орындай білді. Келесі жұп, арманның ақ құсына мінген, Гүлстандағы раушан гүлдей Тыныштықбаева Қарлығаш пен Көбейсін Ақжібек бірдей өзбекше киініп, «Өзбек биін» қимылдарын сартылдата отырып, қызықты билеп берді. Әннен маржан өретін, өнерін халық көретін, жұптасып ән айтып беретін, дарынды жұп — Нұрсейітова Айзада мен Сержан Рамазан «Бір ел болса» патриоттық әнін, кішкентай көк жалаушалармен шығып, әсерлі орындай білді. Жалмуратова Жазира мен Нұрымова Жания бірдей украин костюмінде украин биін билесе, Қалыкова Оразгүл мен Дарханқызы Дария «Отан» әнін жақсы орындай білді. «Таңшолпан» бөбекжай-бақшасының меңгерушісінің міндетін атқарушы Раймкулова Жазира Шапеновна байқауды қорытындылай келе, «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасын іске асыру мақсатында «Таңшолпан» бөбекжай педагогтары мен тәрбиеленушілері арасында «Екі жұлдыз» ән байқауын өткізудегі мақсатқа тоқталып өтті. Қатысушыларды бірін өрден, бірін төрден көрсету емес, өнерпаздардың өнерлерін шыңдай түсу, — деді. Сонымен, жарыстың аты жарыс, байқаудың аты байқау, 1-орынды Нұрсейітова Айзада өз жұбымен, 2-орынды Баймырзаева Разиля өз шәкіртімен, 3-орынды Тыныштықбаева Қарлығаш өз тәрбиеленушісімен иеленді. Қалған қатысушылар әр түрлі номинацияларға ие болып, арнайы дипломдармен марапатталды.

Ә. БОРАНҚҰЛОВА,
журналист.
Меркі ауданы,
Жамбыл облысы.